



АЛҒАШҚЫ ТІЛ МЕКТЕБІ АШЫЛДЫ

ТМД мен Орталық Азия елдері ішіндегі ең үздік оқу орнының бірі - әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-да ҚР Білім және ғылым министрлігі мен «Болашақ» халықаралық шәкіртақысының ресми әкімшісі - «Халықаралық бағдарламалар орталығы» АҚ бастамасымен алғашқы тіл мектебі құрылды. Университет ағылшын тілін үйрету сабақтары үшін биология және биотехнология факультеті ғимаратынан аудиториялар бөлді.

Шет тілдерін оқытатын орталықтың ресми ашылу салтанатында әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың бірінші проректоры Мұхамбетқали Бүркітбаев бүгінгі таңда Қазақстанның білім беру саласында ағылшын тілін дамытудың маңызы артып келе жатқандығын атап өтті. «Ғылыми мақалалар мен еңбектердің, технологиялық зерттемелердің басым көпшілігі ағылшын тілінде жазылады. Осы мектепті ашу арқылы біз ғылым мен білім саласындағы бәсекеге қабілеттілігімізді арттырамыз. Сондай-ақ біз Президентіміз Нұрсұлтан Назарбаевтың үш тілді ұлт болу идеясын алға ұстаймыз», – деді Мұхамбетқали Мырзабайұлы.

Жалғасы 2-бетте

КОНКУРЕНТОСПОСОБНОСТЬ – велеие времени



Вопросы образовательных программ в целях повышения конкурентоспособности специалистов были и остаются актуальными по сегодняшний день. Именно под таким названием: «Модернизация образовательных программ для повышения конкурентоспособности специалистов» недавно в КазНУ прошло заседание учебно-методического объединения по гуманитарным и естественнонаучным специальностям Республиканского учебно-методического совета (РУМС).

В нем приняли участие ректоры и проректоры вузов, представители Консорциума вузов РК, Казахской Туристской Ассоциации, Национального инфокоммуникационного холдинга «Зерде», ТОО «Казфосфат», Института Космической техники и технологий, иностранных вузов-партнеров, а также профессорско-преподавательский состав КазНУ.

Мероприятие открыл заместитель председателя УМО РУМС, проректор по учебной работе КазНУ Д. Ахмед-Заки. В своем выступлении он отметил, что главная задача в сфере образования – подготовка качественных специалистов для отечественной экономики. «Этой цели служат новые экспериментальные образовательные программы, разработанные КазНУ, и профессиональные образовательные программы, предложенные членами Консорциума вузов республики в рамках Государственной программы индустриально-инновационного развития-2», – отметил Дархан Ахмед-Заки.

Также он подчеркнул, что при конструировании учебных планов разработчики опирались на опыт зарубежных вузов-партнеров, таких как: Кембриджский и Оксфордский, исследовали структуру и содержание дисциплин ведущих зарубежных вузов. «Новое поколение образовательных программ и учебных планов

позволит КазНУ значительно продвинуться в достижении высокого результата в повышении конкурентоспособности специалистов», – сказал проректор.

Представитель Казахской Туристской Ассоциации К. Мамутова в своем докладе «Профессиональные стандарты как фактор повышения качества подготовки специалистов индустрии туризма» отметила тенденцию роста требований работодателей к уровню подготовки выпускников вузов в последнее время. «Недостаток действующих образовательных программ заключается в том, что выпускники вузов не готовы к профессиональной деятельности в сфере туризма. Поэтому активное взаимодействие вузовского сообщества и работодателей при разработке профессиональных стандартов и образовательных программ – это велеие времени», – отметила она.

В рамках заседания были объявлены результаты экспертизы учебников и учебных пособий, поступивших в УМО РУМС на базе КазНУ для присвоения грифов МОН РК и УМО РУМС. В завершение мероприятия его участники пришли к мнению, что принятые их решения по итогам заседания будут способствовать достижению стратегических целей развития образования и науки.

Г.К. АБДИГАЛИЕВА

Үдемелі дамудың заманалы үлгісі

Кезекті ректорат отырысы ҚазҰУ-дың оқу-әдістемелік қызметінің нәтижелерін халықаралық рейтингтік агенттіктерде алға жылжыту шараларына бағытталды. Бұл жөнінде академиялық мәселелер жөніндегі департамент директоры Асқар Құсупбекұлы Хикметов баяндама жасады.

Сөз барысында ҚазҰУ-дың халықаралық жоғары оқу орындарымен қарым-қатынасы жылдан жылға дамып келе жатқандығы тілге тиек етіліп, халықаралық деңгейде сапалы білім алу үшін студенттер мен оқытушылар құрамына да университет тарапынан қолдау жасалынып жатқандығы айтылды.

Заман көші ілгерілеген уақытта жаһандық инновацияның білім саласына ықпалы зор. Бәсекеге қабілеттілікті арттыру үшін бүгінде шет тілін жетік меңгерген студенттер қатары да молайып келеді. Сәйкесінше, 2016 жылға қарай университетімізде мемлекеттік тілмен қатар шет тілін еркін мегеруге басымдық берілді. Оқытушы-профессорлар құрамының да шетелде өндірістік тәжірибеден өтіп, студенттерге инновациялық тұрғыда білім беру жоспары көзделген.

Жалғасы 2-бетте

БҮГІНГІ САНДА:

**СЫРЫМ ДАТҰЛЫ ТУРАЛЫ
КІТАП ЖАРЫҚ КӨРДІ**



3-бет

**ХАЛЫҚАРАЛЫҚ
ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ
ЖОҒАРЫ ДЕҢГЕЙДЕ**



4-бет

**ТІЛ МӘРТЕБЕСІ –
ЕЛ МЕРЕЙІ**



6-бет

РЕКТОРАТ

Жалғасы. Басы 1-бетте

Үдемелі дамудың заманалы үлгісі

академиялық еркіндікті дамыту, сонымен қатар университеттің жаһандық жетістіктерін жүзеге асыру болып табылады.

Мұндай жүйені оңтайлы түрде жүзеге асыру үшін әлемдік білім беру кеңістігіндегі ықпалдастыққа бейімделген білім беру жүйесінің ұлттық үлгісін қалыптастыруға және оны болашақта жетілдіруге күш салу қажет.

Бұл ретте білім беру жүйесін халықаралық стандарттарға сәйкестендіріп, әлемдік білім кеңістігіндегі болашақ ықпалдастыққа жол салатын бірқатар шаралар сәтті түрде жүзеге асырылғанын айтып өтуіміз керек.

Атап айтқанда, білім беру жүйесінің кредиттік технологиясы, бакалавр-магистр-PhD докторы сатыларын қамтитын мамандар даярлаудың үш деңгейлі әдісі, халықаралық үлгі бойынша мамандандырылған аккредитациядан өткізу және білім беру сапасын бағалау мен бақылаудың жаңа жүйелері қарастырылған.

Сондай-ақ білім беру бағдарламасын әзірлеу және іске асыруда халықаралық стандарттарға көшу үшін, жоғары оқу орындарының тәжірибесін талдау негізінде білім беру бағдарламаларын жетілдіру, Болон процесі бойынша сапаны қамтамасыз ету арқылы жаңа саясатты іске асыру, ішкі сапаны бақылау жүйесін енгізу тапсырылды. Өйткені, университеттің білім беру жүйесіндегі ізденістер мен жаңа бастамалар әлемдік білім кеңістігіндегі ықпалдастықты арттыру мен сапаны көтеруге бағытталарын ескерсек, білім инновациясының деңгейі жоғарылайтыны ақиқат.

Осы орайда, Асқар Құсупбекұлы әлемдік білім беру кеңістігіне ену ұлттың интеллектуалдық әлеуеті мен бәсекеге қабілеттілігін арттырудың маңызды алғышарты екендігін айта отырып, оқытушы-профессорлар құрамының жаңа оқу жылында қызу жұмысқа кірісеріне сенім білдірді.

Жұлдыз ӘБІЛ

Байқау өз мәресіне жетті!

Қазақ тілінің мерейін көтеріп, ұлттық құндылықтарымызды қастерлеуді мақсат еткен «Тіл мәртебесі – ел мерейі» атты жалпыуниверситеттік эссе байқауы өз мәресіне жетті. Тәрбие жұмысы жөніндегі департаменттің ұйымдастыруымен өткен байқау Тілдер фестивалі апталығы аясында бастау алған болатын.

Байқау басталған күннен бастап студенттердің белсенділігі байқалды. Ана тілінің бүгінгі мен болашағы дегенде жүректен сөз қозғаған студенттерге қойылар талап та жоғары болды. Қатысушыларға «Тіл мәртебесі – ел мерейі» және «Қазақстан халқы ассамблеясы – татулық пен бірліктің кепілі» атты қос тақырыпта эссе жазу жүктелді. Поштаға келіп түскен көптеген шығармалардың ішінен тек таңдаулылары ғана озып шықты. Нәтижесінде филология және әлем тілдері факультетінің 4-курс студенті Гүлсая Мұсабек 1 орынды иеленсе, Экономика және бизнес жоғары мектебінің 3-курс студенті Қабалбекова Ақнұр Бауыржанқызы II орынға лайықты деп танылды. III орынды философия және саясаттану факультетінің 4-курс студенті Пердебаева Перизат Сейтқұлқызы жеңіп алды. Сонымен қатар филология және әлем тілдері факультетінің 1-курс студенті Ләйлә Сабырқызы, Экономика және бизнес жоғары мектебінің студенттері – Аягөз Мейрамбекқызы мен Бейсетай Алмас алғыс хаттарға ұсынылды.

Шығармалары үздік деп табылған барша жүлдегерлерді жеңістерімен құттықтай отырып, шалқар шабыт, шығармашылық табыс тілейміз!

P.S. Байқауда оқ бойы озық шыққан 2 студенттің шығармасын газетіміздің 6-бетінен оқи аласыздар

ТҰСАУКЕСЕР

Алғашқы тіл мектебі ашылды

Жалғасы. Басы 1-бетте



Өз кезегінде «Халықаралық бағдарламалар орталығы» АҚ президенті Ғани Нығметов «Болашақ» бағдарламасы бойынша ағылшын тілін оқыту жүйесі айтарлықтай өзгергенін айтты. Бүгінде айлық оқыту курсының құны орта есеппен бір студентке 4,5 мың доллар, бұл шетелде тіл үйретуден біршама арзан. Ал шет тілін сыртта оқыту үшін ай сайын бір студентке 10-15 мың доллар жұмсалатын. «Сапар алдында шәкіртақы иелері жарты жыл көлемінде осы тіл оқыту мектебінде дәріс алады. Ал келесі жарты жылда тілді оқуға баратын елде үйрететін болады. Бұл курс академиялық бағдарлама бойынша оқуға түсетін стипендиаттарға арналған.

Бағдарлама бойынша «Болашақ» стипендиаттары ғана емес, сонымен қатар ҚазҰУ студенттері мен оқытушылары да оқуға мүмкіндік алады», – деді Ғани Нығметов.

Тілдік дайындық пен оқыту бағдарламалары білім беру саласындағы жетекші халықаралық ұйым – Британдық Кеңеспен әріптестік негізінде дайындалады. Британдық Кеңестің аймақтық директоры Энди Уильямстың атап өткеніндей, мектептің ашылуы білім беру саласындағы қазақстандық-британдық қарым-қатынастың нығая түсуіне жасалған тағы бір қадам болмақ.

«Біз өзіміздің тарапымыздан мұндай бірегей тіл орталықтарының ашылуын толықтай қолдаймыз. Себебі бүгінде елдер арасындағы достық қарым-қатынастар мен жемісті халықаралық ынтымақтастық ағылшын тілінде құрылуда. Қазақстан Президенті атап өткендей, 100 нақты қадамда ағылшын тілі Қазақстанның болашақта табысты дамуының бір бөлігі болып табылады», – деді ағылшын дипломаты.

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-да ағылшын тілін үйретуді дамыту бойынша белсенді жұмыс атқарылып келе жатқанын атап өтуге тиіспіз. Соңғы бес жылдың ішінде ЖОО факультеттерінде

тек ағылшын тілінде сабақ оқытылатын топтар жұмыс жасайды. ҚазҰУ-ға Еуропа және АҚШ университеттерімен жасалған келісімшарт негізінде профессорлар келіп, ағылшын тілінде түрлі дәрістер мен сабақтар өткізеді. Оқытудың бұл әдісі білім беру саласында үлкен сұранысқа ие және өз кезегінде ҚазҰУ-дың әлемдік деңгейдегі жоғары бәсекеге қабілеттілігінің көрсеткіші болып табылады. ҚазҰУ базасында құрылған алғашқы тіл мектебі университеттегі тіл оқыту әдістерінің алға жылжуы мен дамуына өз үлесін қосатын болады.

ӨЗ ТІЛШІМІЗДЕН



ҚазҰУ-да Республикалық оқу-әдістемелік кеңестің мәжілісі өтті

Сырым Датұлы туралы кітап жарық көрді

Қазақ хандығының 550 жылдығына орай «Қазақ университеті» баспасынан «Сырым Датұлы (1742-1802 жж.)» атты монография жарыққа шықты. 260 жылға созылған Ресей мен Кеңес үкіметінің отарлау саясаты - Қазақстан тарихындағы елеулі кезеңдердің бірі. Қазақ халқы мың өліп, мың тірілген осы кезеңдерде отаршыларға қарсы 300-ден астам соғыстар жүргізілсе, оның ішіндегі ең бастыларының бірі - байбақты Сырым Датұлы бастаған көтеріліс болған.

Монографияда Сырым Датұлының жеке өмірі және оның шежіресі жазылған. Сырым Датұлы өз заманында қолбасшы ғана емес, сонымен қатар мемлекет қайраткері әрі шешен болған. Сырымның шешендік өнері 13 жасынан басталып, оның ұстаздары Малайсары, Бөкен, Бекен, т.б. болған екен.

XVIII ғасырда Ресей патшалығы қазақ жеріне арналған орыстандыруға негізделген «Шығыс» операциясын іске асыруды бастап та кеткен еді. Осы тұста кіші жүзде саяси дағдарыс кең етек алды. Оның басты себептерінің бірі жер мәселесі болатын. Сонымен қатар, кіші жүздің ханы Нұралы мен сұлтандардың беделдері түсіп кеткен еді. Жеке билік әлсіреп, халықтың тұрмысы нашарлай түскен. Сырым Датұлы осы тұста Халық кеңесін құрды. Халық кеңесі сол кезеңдегі жағдайды жеңілдету үшін мемлекеттік деңгейде халық мүддесін қорғап, Еділ-Жайық өзені аралығындағы жерге мал

жаюға рұқсат алды.

1783-1797 жылдар аралығында Сырым Датұлы бастаған ұлт-азаттық көтеріліс отаршыл Ресейдің жүргізіп отырған саясатына ашық қарсылық білдірді. Кітапта Сырым Датұлының ұлт-азаттық қозғалысы мен онымен бірге жүрген тарихи тұлғалар – Себек, Саржаса, Мыңбай батыр, Сыпыра және Шынтастар туралы кеңінен мәлімет беріледі. Сондай-ақ Сырым Датұлының қазақ даласында демократиялық көзқарастың негізін қалағаны еңбекте түрлі дәлелдермен келтіріледі.

Атап өтерлігі, Сырым Датұлының жеке өмірінде болған оқиғалардың шындығы да анықталды. Сырымның өлімін анықтау үшін оның жерленген жерін табу ісі ұйымдастырылды. Оның жерленген жері – Өзбекстан Республикасы Хорезм облысы Гурлан ауданы Ысқай ауылы. Экспедиция 2007 жылы Сырым Датұлы сол кезеңдегі Хиуа ханының ұйымдастыруымен у

беріп өлтірілгенін анықтады. Бұрын-сонды белгісіз болып келген «Сырым бөгеті» атты мақала да монографияға еніп, тұңғыш рет оқырманға жол тартып отыр. Мақалада Филимонов, Сидаров, Зинин сынды орыс гидролог мамандары Сырым Датұлына баға берген.

Сырым Датұлын ұрпақтар есінде мәңгі қалдыру үшін 2007 жылы Н.Ә.Назарбаевтың тікелей ұсынысымен Батыс Қазақстан облысы Сырым ауданында 265 жылдығы аталып өтілді. Той Өзбекстандағы Сырымның жерленген жерінен алынған топырақтың Орал-Жымпиты тас жолы бойына әкеліп қойылумен басталды. Тәуелсіздік алғаннан кейін Сырымды мәңгі есте сақтау үшін көптеген шаралар жүзеге асырылды.

Сөзімді Сырым Датұлын зерттеген тарихшы М.П. Вяткиннің сөзімен қорытындыласам: «Тарих шындықты айқын көрсетеді. Сырымның өз халқына білдірген асқан сүйіспеншілігін, өз халқын сатқан ел басшыларымен ешқашан ымыраласпайтын, өз Отанының бостандығы мен оның мемлекеттілігінің нығайып, дамуы үшін жанын аямай күрескен



батырлығын қазақ халқы ешқашан естен шығармақ емес».

С.М. МӘШІМБАЕВ,
профессор

Впервые в КазНУ, на отделении корееведения кафедры Дальнего Востока факультета востоковедения, открыт новый кружок - хор «Меари». В составе хористов уже 65 студентов, выразивших желание участвовать в работе нового кружка. Об идее создания хора рассказала инициатор кружка - южнокорейский преподаватель Чой Жи Енг.



Эхо песен наших...

Музыка не является исключительной собственностью тех, кто хорошо поёт или отлично играет на музыкальных инструментах. Музыку можно сравнить с подарком, который Бог даровал каждому из нас. Музыка обладает необычайной силой, она умеет излечивать нашу душу.

При создании хора «Меари» учитывались различные цели, во-первых, улучшение навыков корейского языка посредством изучения корейских песен. Когда я была студенткой, то с радостью пела поп-музыку с целью изучения английского языка. Те куплеты из песен я хорошо помню до сих пор. И, конечно же, я помню ещё больше

текстов из прекрасных песен на корейском языке.

Во-вторых, — повышение уровня понимания корейской культуры посредством приобщения к корейской музыке. Распевание корейских песен является хорошим методом в понимании корейского языка и культуры.

В-третьих, — улучшение взаимопонимания и сотрудничества между студентами, а также между молодежью и преподавателями. Ведь в хоре нужно уметь прислушиваться к голосу поющих рядом людей и вместе создавать красивые звуки.

В-четвертых, — это хороший шанс познакомиться с отделением

корееведения как внутри, так и за пределами нашего университета. На данный момент деятельность хора является незначительной, но я надеюсь, что благодаря нашему хору такие же кружки откроются во всех университетах Казахстана, где есть кафедра или отделение корееведения. Ведь не зря «меари» в переводе на русский язык означает «эхо».

Я искренне благодарю всех студентов и преподавателей, которые охотно решили присоединиться к этой работе. Надеюсь, хор «Меари» кафедры и отделения корееведения при КазНУ, будучи первопроходцем в этом деле, поможет молодым юношам и девушкам раскрыть свои таланты, обрести практические навыки в изучении корейского языка.

Наталья ЕМ,
заведующий кафедрой
Дальнего Востока

ЖАРҚЫН БОЛАШАҚ ЖОЛЫНДА

Кемел келешектің кепілі саналатын жастардың азаматтық қоғамда субъективті пікірі болуы жаһандану заманында аса маңызды. Көзі ашық, көкірегі ояу жастар ғана ұлт пен ұлысқа жат қандай қарекет болса да, ақ-қарасын ажыратып, анық танытын болады.

Сондай орталардың бірі — «Алтын сапа» пікірсайыс клубы. 2007 жылы құрылған клуб сегіз жылдан бері білімді де білікті талай азаматты тәрбиелеп, тартысты турнирлер ұйымдастырумен айналысып келеді. Дәстүрлі түрде өтетін сондай додалардың бірі — әл-Фараби шәкірттері. Жуырда өткен аталмыш турнирге Алматы қаласы университеттерінің студенттерімен қатар, Тараз, Қызылорда қаласынан қонақтар ат басын тіреді. Линкольн-Дуглас форматында орамды ойларын ортаға салған 17 пікірсайысшы саяси, философиялық, тарихи тақырыптарда білімі мен біліктілігін барынша көрсетуге тырысты. «Қазақ хандығының 550 жылдығына» арналған бес турдан тұратын пікірсайыс турнирінің жеңімпазы Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Алматы академиясының студенті Думан Қазыбеков болды. Бабы мен бағы қоса шапқан Думанға Қазақ ұлттық университетінің Ректор кубогына арналған республикалық турнирінің 1/8 финалына жолдама берілді.

Жанар ШОРТАНБАЕВА,
жылуфизика және техникалық физика
кафедрасы меңгерушісінің орынбасары;
Құралбек АЛДОНҒАРОВ,
2-курс магистранты

В КазНУ открылась первая языковая школа международной стипендии «Болашақ»

Әрбіріміз үшін зор мақтаныш!

Нью-Йоркте БҰҰ Бас ассамблеясының биылғы өткен 70-сессиясында Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың әлемдік құрылымды трансформациялау бойынша мемлекеттік тіл - қазақ тілінде жария еткен кең ауқымды бастамалары қазір барлық елдердің баспасөз құралдарында кеңінен жарияланып, дүниежүзілік қызығушылық тудыруда.



Осы орайда Елбасы ұсынған игі бастамаларға тоқталсақ:

1. БҰҰ-ның 100 жылдығына орай «Жаһандық стратегиялық бастама-2045» жоспарын жүзеге асырудың бірінші кезектегі қадамы ретінде «Жаңа болашақ»

тұжырымдамасын жасау қажеттілігі;

2. БҰҰ-ның экономикалық және әлеуметтік кеңесін жаһандық даму кеңесіне айналдыру. Кеңеске жаһандық экономикалық реттегіш функциясы жүктелуі тиіс. БҰҰ-ға мүше елдердің күш-

жігерін жаһандық орнықты даму мен өсіп-өркендеу мақсат-міндеттеріне сай келетін ұлтүстілік әлемдік валюта жасау бойынша біріктіру қажеттілігін орнықтыру;

3. Біріккен ұлттар ұйымының ядролық қарудан азат әлемге қол жеткізу декларациясын қабылдау. Жаһандық антиядролық қозғалыс құру. Ядролық державалар ядролық иелік етуден бас тартқан барлық елдерге күш қолданбауға кепілдік берулері тиіс екендігін белгілеу;

4. Біріккен ұлттар ұйымының жарғысына, басқадай халықаралық құқық нормаларына қайшы келетін кадам ретінде санкцияларды өз бетімен қолдануды болдырмау қажет. 2016 жылы Біріккен ұлттар ұйымының халықаралық құқықтың арқаулық қағидаттарын бекітуге үндейтін БҰҰ-ның Жоғары деңгейдегі халықаралық конференциясын шақыруда жүзеге асыру;

5. Терроризм мен діни экстремизм қатері жаһандық ауқым алып отыр. БҰҰ-ның туы астында халықаралық терроризм мен экстремизмге қарсы іс-қимыл танытатын біртұтас әлемдік жүйе құру. Бұл міндетті жүзеге асыру үшін БҰҰ-ның терроризммен күрес жөніндегі мәселенің бәрін қамтитын құжатын әзірлеп, қабылдау қажеттілігі;

6. БҰҰ-ның баршаға арналған тұрақты энергетика бастамасын қолдау үшін Астанада 2017 жылы «Болашақтың энергиясы» тақырыбымен бүкіләлемдік

«Экспо» көрмесі өткізіледі. «Экспо-2017» көрмесінің инфрақұрылымдары негізінде Астанада БҰҰ-ның туы астында жана технологиялар мен инвестициялық жобаларды дамытудың халықаралық орталығын ашуды қарастыру;

7. XXI ғасырдың даму орталығы Азияға қарай ойысады. БҰҰ-ның штаб-пәтерін Азияға ауыстыру мәселесін ойластыруды ұсынды.

Біріккен ұлттар ұйымына мүше 193 мемлекеттің өкілдері алдында Ассамблея сессиясында халықаралық маңызы зор ұсыныстарды ұсыну — біздің еліміздің Президенті Н.Ә. Назарбаевтың ерекше дара тұлға екендігін көрсетті және әрбір қазақстандық үшін зор мақтаныш. Университетіміздің әрбір студенті, магистранты, профессорлары мен оқытушылар қауымы Елбасының ұсыныстарын жете білумен бірге оны бұқаралық халыққа түсіндіру ісінде патриоттық белсенділік көрсетіп келе жатқаны белгілі. Бұл ретте де білімі, білігі мен бірлігі жарасқан ұжым мүшелерінің ұсыныстарды тереңінен ұғынып, оны жүзеге асыруға өз үлесін қосарына кәміл сенемін!

А.Н. АҒЫБАЕВ,
Құқықтық тәрбие орталығының директоры

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ ЖОҒАРЫ ДЕҢГЕЙДЕ

Қазақ елі экономикалық қиындықтарға қарамастан рухани-мәдени салаға баса назар аударып, өскелең ұрпақтың білім деңгейінің көтерілуіне барынша күш салып келеді. Шынында да, білім саласы мемлекеттің бүгінгі мен болашағы үшін аса маңызды. Ол - қоғамның кез келген саласының дамуына мұрындық болар бастауы.

Білім беру жүйесін жетілдіру үшін, оны халықаралық талаптарға сай ету үшін мемлекет бұл саладағы халықаралық ынтымақтастықты күшейтуі тиіс. Бұл тұрғыда отандық жоғары мектептің әлемдік білім беру кеңістігіне бірігуі және білім беру қызметінің халықаралық деңгейге шығуы қазақстандық ЖОО халықаралық ынтымақтастығын дамыту мәселелерін көкейтесті етіп отыр. Жоғары және ЖОО-дан кейінгі кәсіби білім беру саласындағы халықаралық қызметтің, сонымен қатар ғылыми-зерттеудегі байланыстың негізгі мақсаты — Қазақстанның әлемдік білім беру кеңістігінде тең құқықты серіктес ретінде барлық жағынан бірігуі, халықаралық тәжірибені есепке ала отырып білім берудің ұлттық жүйесінің беделін жетілдіріп, арттыру болып табылады.

Осы орайда әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті халықаралық ынтымақтастықты дамыту мақсатында ауқымды іс-шаралар ұйымдастырып, университеттің әлемдік имиджін одан әрі көтеру жолында талмай еңбектеніп келеді. Біз осы мақалада университетіміздің тек бір елмен — Иран Ислам Республикасымен бірігіп өткізіп келе жатқан игі істері мен келешектегі атқарылатын шаралары

туралы әңгімелемекпіз.

Жалпы, Иран — еліміз тәуелсіздік алған алғашқы жылдардан бері екі мемлекет арасындағы ынтымақтастыққа белсенді араласып келе жатқан ел. Сонау 1993 жылдың өзінде Иран жағы ҚазҰУ-дың парсы тілінде оқитын 10 студентін 9 айға Тегеран университетінде оқытуға алып кеткен. Содан бері екі ел арасындағы ынтымақтастық бір сәтке де толастаған емес. Қайта жылдан жылға өркендеп, бүгінде білім мен ғылымның түрлі салаларын қамтып отыр.

Ағымдағы жылдың басында университет ректоры, академик Ғ. Мұтанов бастаған делегация Иран астанасы Тегеран қаласында болып, ирандық Шахид Бехешти университетімен ынтымақтастық саласында келісімге келген болатын. Сәуір айында университетімізге ирандық Шахид Бехешти университетінің ректоры Мухаммад Техранчи мырза келіп, студенттер алмасу, координатор, физика мен химия саласындағы біріккен ғылыми-зерттеу жобалары туралы нақты іс-шаралар жоспарын жасады.

Сондай-ақ, оқу жылының басында шығыстану факультетінің деканы ф.ғ.д., профессор Б. Жұбатова мен Иран Ислам



Республикасының Ислам мәдениеті және қарым-қатынасы ұйымының Азия және Тынық мұхит елдері департаментінің бас директоры Мухаммад Али Сабеги кездесті. Қонақтың мәлімдеуінше, ҚазҰУ-дың парсы тілі студенттерін Ирандағы жоғары оқу орындары арасында магистратура мен докторантурада оқыту, ғылыми-зерттеу тағылымдамалары, оқу-әдістемелік тәжірибе алмасу, ғылыми және оқу-әдістемелік семинарлар өткізуді қарастыратын ынтымақтастық туралы келісімдер әрі қарай да жалғасын табатын болады.

Сонымен қатар осы жылдың қыркүйегінде шығыстану факультетіне Иранның Ислам Азад университетінің

халықаралық ынтымақтастық бойынша маманы М. Қамбари мырза келді. Ол 1,5 миллион студенті, аймақ пен әлемде орын тепкен 300-ге тарта филиалы мен ғылыми зертханасы бар екендігін айтты. Ол университетпен ынтымақтастыққа дайын екендіктерін мәлімдеді.

Сонымен, бір жылдың ішінде тек бір ғана елмен көптеген келісімдер мен нақты іс-шара жоспарлары жасалды. Сондықтан да университетіміздің халықаралық ынтымақтастық саласындағы табыстарына тек сеніммен қарауға болады.

Жомарт ЖЕҢІС,
шығыстану факультеті ирантану бөлімінің меңгерушісі

Наши приоритеты – наш выбор

В колледже КазНУ прошли выборы председателя студенческого маслихата. Это - традиционное мероприятие, проводимое раз в два года среди студентов колледжа, где молодые люди и преподаватели участвуют в выборах как избиратели.



Процедуре голосования предшествовала предвыборная кампания, в которой кандидаты на должность председателя студенческого маслихата представили свою предвыборную программу, где определили основные направления своей деятельности.

В предвыборных гонках 2015 года приняли участие два претендента. Первый – Игорь Белянов – студент первого курса специальности «Правоведение», предвыборная программа которого в основном была построена на планировании организации досуга студентов с учетом введения корректировок, поступления пожеланий и предложений от студентов. Вторым претендентом была представлена Алтынай Болат – студентка первого курса. В своей предвыборной программе она определила несколько направлений деятельности, таких как: учебное, культурное, спортивное и социальное. Здесь были охвачены практически все вопросы студенческой жизни:

учебный процесс, досуг и общественная деятельность. В результате выборов именно программа кандидата А. Болат оказалась более привлекательной для избирателей.

Выборы прошли со 100% явкой всех команд кандидатов проходила в рамках честной борьбы. Контроль за порядком проведения и подсчет результатов выборов осуществляла избирательная комиссия из числа студентов колледжа.

Выборы прошли со 100% явкой всех избирателей, что является свидетельством активного участия всех обучающихся в общественной жизни колледжа и осознания своего гражданского долга. Прошедшее мероприятие послужило определению интересов, способностей и сплочению коллектива студентов, установлению и развитию благоприятных взаимоотношений молодежи с преподавателями колледжа.

Г. МАЖИЕВА,
куратор групп ФР-105, ФР-203

Ұстаз - дара тұлға, қоғамның тәрбиешісі, ізгіліктің жаршысы, таусылмас қазына иесі. Ол қазына - шәкірттеріне берген білімі, тәлім-тәрбиесі, өнеге мен ақыл-парасатының жиынтығы. Білікті ұстазымыз - ҚазҰУ-дың философия және саясаттану факультетінің педогогика және білім беру менеджменті кафедрасының оқытушысы, доцент Қасымова Роза Садыққызы да осындай жастарға жол сілтеген ардақты жанның бірі.

Шәкірт жүрегінде

Ұстазымыз әлеуметтік қызметтер мәселелері, салауатты өмір салтын насихаттау, ұлттық тәрбиеге байланысты мәдени іс-шаралармен айналысып жүрген өз саласының білікті маманы. Біз ұстазымыздан қара шанырақ табалдырығын аттаған алғашқы жылы-ақ мамандығымызға сай «Педагогика» және «Этнопедогоика» пәндері бойынша дәріс тындап, үлкен білім негізін қаладық. Педагогикадай ғылым саласының ерекшеліктерімен таныстық. Роза Садыққызы бізге педагогика – оқу мен тәрбиенің байланысуы арқылы үздіксіз жүретін табиғи процесс екенін ұғындырды. Ол кісінің дәріс берудегі ерекшелігі: талапшылдығы, педогогика тән қырағылығы, мол тәжірибелігі және барлық болмысымен дәрісті түсіндіру қабілетінің шеберлігінде болып табылады. Дәл осы шеберлігі арқылы педогогиканың бір саласы – «Этнопедогоика» пәнінің маңызы мен мазмұнын бізге жете түсіндіріп, пәнге деген қызығушылығымызды оята білді. Этнопедогоика – әр ұлттық өзіне тән әдет-ғұрып, салт-дәстүр, тыйым, наным-сенім, жөн-жоралғыларының ерекшеліктерін өзге ұлттардың салт-санасымен салыстырып қарастыратынын білдік. Роза Қасымова бізге осы пән арқылы өзіміздің, қазақ ұлтының салт-дәстүрінің маңыздылығын, әдеті мен ғұрпындағы және бала тәрбиесіндегі ерекшеліктерін, киелі сандардың рөлін, түрлі тыйым-

нанымдардың қайдан шыққанына назар аудартып, өз бетімізше ізденуге баулыды. Роза апайымыз біздерге қазақ жастары әрқашан қазақ ұлтының қаймақтары екенін айтып отырды. Сонымен қатар өз ұлтымыздың тәлім-тәрбиесін, салт-санасын білумен шектелмей, өзге ұлттардың дәстүріндегі ерекшеліктерге де мән беріп, білімімізді жетілдіріп жүруіміз керектігіне жол көрсетті.

Еліміз тәуелсіздік алғалы көк туымыздың астында 130-дан астам ұлт пен ұлыс бір атаның баласындай тату тәтті тұрып жатқаны белгілі. Сондықтан да біз өз ұлтымызды ғана емес, өзге ұлттардың да таным ерекшеліктерін біліп жүруіміз керек. Бұл қадам, біріншіден, үлкен мәдениеттіліктің көрсеткіші болса, екіншіден, оларға деген құрметтің белгісі болып табылмақ. Осы арқылы біз еліміздің бірлігі мен тату-тәттілігін нығайта береріміз кәміл. Ол үшін мәдениетіміз бен төл тарихымызды, білім-білігімізді жоғары дәрежеде дамытатын оқытушылар мен ізденуші жастардың санын сапалы біліммен сусындату арқылы көбейтуіміз керек деп ойлаймыз. Біз ұлағатты ұстаз Роза Қасымова және кафедрамыздағы басқа да білікті әрі білімді ұстаздарымыздан білім алып жатқанымызды мақтан тұтамыз.

Ұ. МҰТАЛП, М. МАНАП,
философия және саясаттану
факультетінің 2 курс студенттері

Алматы - арман қала!
Алматы - думан қала!
Алматы - кіршіксіз қардай таза сезімнің қаласы!
Алматы - арман қуған жастардың қаласы!
Міне, кеше ғана 11 жыл бойы білім алып, алтын ұя мектептен түлеп ұштық.
Қазақстанның түкпір-түкпірінен арман қуып, Алматыға келдік. Асқақ арман - ҚазҰУ-ға оқуға түсу! Сол арман да орындалды! ҚазҰУ-ға оқуға түстік. Неткен ғажайып сезім!

МЕНІҢ УНИВЕРСИТЕТІМ



Менің университетім, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ – Қазақстандағы алдыңғы қатарлы жоғары оқу орындарының бірі. Жоғары білім және ғылым саласында өзіндік дәстүрі бар. Университетіміздің стратегиясы жоғары білікті мамандарды даярлауға, студенттерге терең білім беруге бағытталған. Университет басшылығы Қазақстанның болашағын дайындап жатқанын нық сеніммен айта алады, себебі бұл оқу орны түлектерінің көпшілігі Қазақстан қоғамының элитасын құрайды.

Университетіміздегі студенттердің бәсекеге қабілеттілігіне білім деңгейі ғана емес, сонымен қатар, олардың қоғамдық белсенділігі, сыпайылығы, мейірімділігі, оптимистік және патриоттық сезімі секілді рухани қасиеттері де ықпал етуде. Себебі, мұндай қасиеттер студенттеріміздің сапалы білім алу үдерісінің онды шешім

тапқандығы және түрлі студенттік үйірмелер, конференциялар, байқауларға қатысулары арқасында қалыптасады.

Университеттің қоғамдық өмірі мазмұнды және қызықты. ҚазҰУ-дағы студенттік шақ адам өміріндегі ұмытылмас кезең. ҚазҰУ қалашығы кішігірім мемлекет тәріздес. Қалашықтың өз шекарасы, қалашықта тұру ережесі, мерекелері мен дәстүрлері, демалатын, спортпен шұғылданатын, белсенді студенттеріміздің бас қосатын орындары және т.б. көптеген керемет мәдени ошақтары бар.

Менің ойымша, университетіміздің ең тиімді тұсы – студенттердің бойынан ерекше қасиеттер іздеп, олардың таланттарын танып, оны әрі қарай дамытуға жәрдем ететін біздің ардақты оқытушыларымыздың елеулі еңбегі десек артық айтқандық емес. Тек біздің

оқытушыларымыз ғана еш киналмай-ақ шәкірттеріне өзінің бос уақытын арнай алады. Университет – олардың үйлері, ал біз – олардың балалары секілдіміз. Бұл студенттерді жана шығармашылық табыстарға жетелейді деп ойлаймын. Сондықтан, біздің университетіміз – жай ғана оқу үшін ғана келетін білім ошағы емес, азамат болып қалыптасатын киелі орда. Мұнда оқу да, өмірге деген ұмтылыс та бар. Мұнда жұмыс, еңбек, спорт, әртүрлі үйірмелер бар. ҚазҰУ студенттері өз бойларына жауапкершілік, ұйымдастырушылық, ұқыптылық секілді қасиеттерді сіңіре отырып, болашақтарына нық сеніммен қарайды.

Университетіміздің әрбір ғимаратының да дизайны ерекше. Мұндай оқу орнының қабырғасында білім алу, азамат ретінде қалыптасу ерекше сезім оятады.

Университетімізде оқығысы келетін және оқып жатқан студенттердің жыл сайын артып келе жатқандығына байланысты, студенттердің тұрмыстық-әлеуметтік мәселелерін шешу мақсатында жана әрі жылы студенттер үйлері салынып, қолданылуға берілуде.

«Егеменді еліміздің келешегі білімді жастардың қолында», – деп Елбасымыз атап өткендей, ел болашағы білімді ұрпақтың қолында екені даусыз. Жас ұрпақты білімге бағыттау бүгінде аса маңызды. Егемен еліміздің тәуелсіздігін нығайтып, ұлттық тәрбиемен сусындату, сөйтіп, парасатты азамат тәрбиелеу – қазіргі қазақ білім ордаларының алға қойған мызғымас мақсаты болып отыр. Сол мақсатты ақтауға, біздер, жастар да асығуымыз керек!

Гүлнәр БАЗАРБАЙ,
Түрксой кафедрасының 3-курс студенті

Руководитель Управления по вопросам молодежной политики г.Алматы Н.Е.Сыдыков посетил альма-матер

Тіл - биіктен құлдилап гүрілдеп аққан өзеннің, сылдырлап аққан бұлақтың, апамның толқынданып тұратын шашындай самал жел ессе, еркелей тербелетін теңізінің, мені тоғыз ай құрсағында көтеріп тектілікті бойыма дарытқан анамның, мен үшін, қазақ үшін ат ауыздығымен су ішкен, ер етігімен су кешкен, қилы заманда елім деп еңіреген бабамның, талайдан сыр шертетін ұлы даламның дүбіріннің үні, өткеніміздің жаңғырығы, болашағымыздың іргетасын мықтап ұстар сенімі. Көне Көк Түріктің тереңінен бастау алатын анамның тілі – мөлдір судың тұнығындай тазалығы мен аралдағы баға жетпес қазынадай байлығы қатар ұштасқан жауһар тіл. Сол көнесі мен көсемі ардақтаған жауһардың талай шырмауда қалғаны көкірек көзі ояу әр қазақтың жан жүрегінде дақ болып із қалдырып, қақ болып қатып тұрғаны көрем деген көз үшін, сезем деген жүрек үшін айтпаса да белгілі жайт.

Тіл мәртебесі - ел мерейі



Тәуелсіздіктің ақ таны атса да, ел мәртебесі болған қазақ тіліміздің шұбарланып, еліміздің басты капиталы болған жастарымыздың өз ана тілінде сөйлемей – Отанға деген сүйіспеншілікті, махаббатты өз дәрежесінде ұғына, оны санасына сіңіре алмағанының кесірі. Осы орайда, өз жерінде ана тілін өгейсіреткен мырзаларға, мұрнын көкке шүйіріп менсінбегендерге Елбасымыз сабақ боларлықтай әрі үлгі боларлықтай іс қылды. Менің айтпағым – БҰҰ Бас ассамблеясының 70-сессиясының жалпы дебатында ел Президенті Н.Ә. Назарбаевтың біздің кереметтей қазақ тілінде сөз сөйлегені. Қаным да, жаным да қазақ болған мен бөрігімді аспанға лақтырдым, қазақ болып туылғаным қуанып, таңғажайып әлемге еніп кеткендей күй кештім. Қазақиямды менсінбей, менменсігендерден есемді қайтарып, қазағымның тілі мәртебесін көтерген елім үшін Аллаға шүкіршілік дедім. Тіл күрмеуі қиын мәселе болған қазіргі кезең үшін Елбасымыздың бұл ісі, әрине, жастар үшін бір мектеп болды деп айтсақ қателеспеспіз. Осы тұста, Алаштың

көсемі А. Байтұрсыновтың мына сөзінің еске түсуі зандылық: «Алашқа аты шыққан адамдар! Көсемдіктеріңді адаспай, түзу істендер! Сендер адассандар, арттарыңнан Алаш адасады. Арттарыңнан ергендердің обал-сауабына сіздер қаласыздар». Осылай ел тұтқасын ұстаған азаматтар адаспай тура жолды нұсқай білсе, ел де, ұлт та, тіл де жоғалмай, мәртебесін өсіре бермек!

В. Радлов атап кеткен әлемдегі ең бай үш тілдің қатарынан орын алған қазақ тіліне жанымыз ашып, тіліміздің көсегесін көгерту – ұлт алдындағы, бабалар алдындағы борышымыз.

«Тілдің міндеті – ақылдың аңдауын аңдағанынша, қиялдың меңзеуін меңзегенінше, көңілдің түюін түйгенінше айтуға жарау», – дейді Ахмет Байтұрсынұлы. Ендеше, осы қызметтерін қалтқысыз атқарып тұрған құдіретті құралымызға адал болайық! Тіл мәртебесі – ел мәртебесі. Ел мәртебесі бұл – менің мәртебем!

Гүлсая Мұсабек,

Филология және әлем тілдері факультетінің 4-курс студенті

Құрсауда болған қазағыммен қатар айдауда болған анамның тілі бұғауланып, кең құлашын еркін жаза алмай қанаты қайырылып сорлады. Түйдектеліп келіп төгілетін жырауларымыздың, екпіндеп келіп бір арнаға тоғысатын Дулат, Махамбетіміздің, көркемделіп келіп

көрік беретін «Әдебиетімнің таңы» – Абайымның тілі сең соқса да өлмей, өшпей ұлттымыздың ұлы дінгегі болып, дархан даламның мұрагерлерімен қайта қауышты. Бұл да қазақтың өз отауы, шаңырағын ұстар ұлдары бар ұлт, ел екендігінің айнымас дәлелі.

Құдайға шүкір, тәуелсіздік алған жиырма төрт жылда асыл мұраларымызды жарыққа шығарып, өшкенді жандырып, өлгенді тірілтіп, халықтық рух пен қазақтық сананы оятып, ұлттық сезімді қалыптастырып келеміз. Дегенмен, жоғымызды түгендеу, барымызды баршаның игілігіне айналдыру шаруасы өрістей беруі тиіс. Себебі әлі күнге дейін жамала алмай келе жатқан жыртығымыз жетерлік. Қазақтың ұшса сұңқардың қанаты, шапса тұлпардың тұяғы талар ұлан-байтақ жерінен, терең тарихынан, халық үшін өмір сүрген кесек тұлғаларынан басқа тағы бір ең үлкен байлығы ана тілі - қазақ тілі.

Әлемде мыңнан астам ұлт пен ұлыс бар, елді елден, ұлтты ұлттан ажырататын басты фактор – сол елдің ана тілі, сол себепті тілін жоғалтқан ел көп ұзамай картадағы орнынан да айырылады. Ана тіліміз кішкентай кезімізден ана сүтіндей бойымызға сінеді. Қазақ тілі өзінің даласындай бай. Қазақ сөзі қашанда даланың қоңыр желіндей аңқылдап, еркін еседі де тұрады. Қазақ тілі қасиетті Қазақ домбырасының үніндей қоңыр, күйіндей терең мағыналы. Тіл – қай ұлттың болмасын, тарихы мен тағдыры, тәлімі мен тәрбиесінің негізі. Кеңес Одағы тұсы ана тіліміз үшін тоқырау кезеңі болды. Патша өкіметінің басты мақсаты Қазақстанды басыбайлы құлы ету еді, сол себепті қазақтың осал жерінен ұстады. Қазақ балабақшаларын, мектептерін жапты. Тілін ұмытқан халық – мәңгірт халық. Патша үкіметінің солақай саясатының салқыны әлі күнге дейін ел алдындағы үлкен мәселе болып отыр. Қазақтың қазақша білмейтінін көргенде жүрегің ауырады, сүйегің сырқырайды. Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев өзінің жыл сайынғы халыққа Жолдауларында тілдерді

дамыту бағыты бойынша 2017 жылға қарай мемлекеттік тілді білетін қазақстандықтар 80 пайызға дейін, 2020 жылға қарай олар кемінде 95 пайызды құрауы тиістігі туралы міндеттер қойды. Осы орайда Елбасының «Қазақ пен қазақ қазақша сөйлессін» деген сөздерін атап өткім келеді. Қазаққа қазақша үйрету қандай масқара. Дегенмен жағдай түзеліп келеді. Қазіргі уақытта өнер, әдебиет, мәдениет, баспасөз, радио, теледидарымыз 1990 жылдағы жағдайға қарағанда әлдеқайда «қазақша сайрап тұр» деуге болады. Мысалы, «Қазақстан» ұлттық телеарнасы, «Балапан» телеарналары тек қазақша ақпарат таратады. Сонымен бірге жыл сайын қазақ тілді басылымдардың саны артып келеді. Қазақстандықтар мемлекеттік тілімізді дамыту бағытында жұмыстар жасап жатыр, үйренуге талпыныс жасап отыр. Қазіргі таңда көптеген отбасылар балаларын қазақ тілінде оқытатын мектептерге ана тілін жетік меңгеру үшін беріп, оқытып жатқандары қуантарлық жағдай. «Жұмыла көтерген жүк жеңіл» демекші, тіл тағдырына әрбір ел азаматы жанашырлық танытса, тіліміздің деңгейі әлдеқайда жоғары көтерілетін болады. Қазақ тілінің

статусы жоғарылады, тәуелсіздік аяғымыз жеткенше жүруге, аузымыз талғанша сөйлеуге мүмкіндік берді. Біздің Ата Занымызда «Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі – қазақ тілі» деп жазылған. «Тіл туралы» заңда: «Қазақстан халқы топтастырудың аса маңызды факторы болып табылатын мемлекеттік тілді меңгеру – Қазақстан Республикасының әрбір азаматының парызы» – делінген. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың «Қазақстан – 2050» Стратегиясы – қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Жолдауында: «Тілге деген көзқарас, шындап келгенде, елге деген көзқарас екені даусыз. Сондықтан, оған бей-жай қарамаймыз. Қазақ тілі жаппай қолданыс тіліне айналып, шын мәнінде мемлекеттік тіл мәртебесіне көтерілгенде, елімізді Қазақ мемлекеті деп атайтын боламыз», – деген болатын. Тіл – біздің тұтастығымыз. Тіл тағдыры – ел тағдыры. Сондықтан әрбір қазақ, сонымен бірге Қазақстан азаматы өз қазақ тілін көзінің қарашығындай сақтауға, оның орынсыз шұбарлануына қарсы тұруы тиіс. Тіл – таусылмайтын байлық.

Ең бірінші бақытым – Халқым менің, Соған берем ойымның алтын кенін. Ол бар болса, мен бармын, қор болмаймын. Қымбатырақ алтыннан нарқым менің. Ал екінші бақытым – Тілім менің, Тас жүректі тіліммен тілімдедім. Кей-кейде дүниеден түнілсем де, Қасиетті тілімнен түнілмедім. Бақытым бар үшінші – Отан деген, Құдай деген кім десе, Отан дер ем! – деп Мұқағали атамыз жырлағандай, халық, тіл, Отан – еліміздің байлығы, менінше бұл үш ұғым егіз, бірінсіз-бірі өмір сүре алмайды. Әрине, тіл – қатынас құралы ғана емес, мемлекетіміздің дінгегі, тәуелсіздіктің тірегі. Сан ғасырлар асқарын асып, ел жадынан өшпей, ұрпақпен үндесіп келе жатқан ана тіліміз – еліміздің мерейі. Ойымды Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың мына сөздерімен аяқтағым келеді: «Тілден артық қазына жоқ. Тілден артық қасиет жоқ. Қазақстанның болашағы қазақ тілінде жатыр. Қазақ тілі әлі бірте-бірте мемлекеттік қызметте, экономика мен өмірдің барлық саласында басымдық танытатын болады. Ғасырлар бойы қазақтың ұлт ретіндегі мәдени тұтастығына ең негізгі ұйытқы болған – оның ғажайып тілі».

Ақнұр ҚАБАЛБЕКОВА,

Экономика және бизнес жоғары мектебінің 3-курс студенті

КазНУ им. аль-Фараби известен своими высокими достижениями не только в стране, но и за рубежом. Особенно вуз гордится своими активными и креативными студентами. Чтобы узнать, как учиться и чем живет сегодняшняя молодежь, предлагаю вашему вниманию интервью с председателем Студенческого Бюро по Болонскому процессу факультета журналистики, активисткой Маликой Каримовой.

ЗОЛОТАЯ ПОРА – СТУДЕНЧЕСТВО

-Малика, расскажи о вашей организации. Когда и кем она была создана?

- Как всем известно, в 2010 году Казахстан вошел в число стран с Болонским процессом образования в вузах. Спустя год по инициативе студентов КазНУ была создана организация – Студенческое Бюро по Болонскому процессу. Изначально сами члены команды не совсем понимали, чем именно им надо заниматься, но твердо знали, что потенциал у организации есть. С приходом новых студентов система бюро усовершенствовалась и сейчас ведется продуктивная работа.

-Какова основная цель деятельности Бюро?

- На данный момент при поддержке проректора по учебной работе Дархана Жумакановича Ахмед-Заки мы занимаемся академической политикой КазНУ. Консультируем студентов по образовательным вопросам, то есть являемся мостом между студентами и администрацией вуза. Когда внедряются определенные новшества в учебную систему, мы обязательно проводим разъяснительные работы со старостами групп.

-Сколько всего студентов состоит в организации? И сколько активистов из факультета журналистики?



- На сегодняшний день в команде СББП – около 200 активистов, 20 из них – будущие журналисты.

- По каким проектам идет работа СББП?

- Работа ведется по 5-6 крупным проектам, в числе которых «Чистая сессия», «Super Smart Student», «Super freshman». Каждые полгода проводится анкетирование среди студентов вуза относительно учебного процесса, в конце учебного года – ярмарка вакансий «Путь к успеху». Например, в рамках проекта «Al-Farabi University - Smart City» был запущен «Super Smart Student», где выбрали самого мобильного, эрудированного студента национального вуза.

- Расскажи подробнее проекте «Super freshman»?

- Абитуриенты, а теперь нынешние первокурсники тоже не обделены вниманием. Всех активных новичков вуза призвали принять участие в конкурсе «Super freshman». Цель проекта – раскрыть в студентах разносторонние умения и навыки, а также помочь выбрать, чем им заниматься в будущем. Критерии самые разные – организованность, эрудированность, наличие таланта, разумеется. Финал конкурса пройдет в декабре текущего года.

-Ты упомянула о проекте «Чистая сессия». Звучит интригующе.

- В декабре каждого года студенты готовятся к зимней сессии, а мы к важной работе – контролю проведения экзаменов, искоренению конфликтных ситуаций между студентом и экзаменатором. Мы стараемся помочь студентам, попавшим

в сложную ситуацию. Дело, конечно, из нелегких, но ради этого мы и трудимся.

- Чем активисты СББП занимаются помимо своей университетской деятельности?

- Кроме университетской деятельности в Бюро, команда состоит в Лиге волонтеров г. Алматы. Ежегодно около 40 крупных проектов южной столицы проходят с помощью координации наших студентов СББП: «Музыкальная премия ЕМА», «Алматы – моя первая любовь» и другие различные мероприятия.

- За пять лет было сделано немало. Можешь поделиться последними достижениями СББПшников?

- В копилке команды имеется 5 медалей от ректора, последнюю из которых в сентябре этого года вручили мне как референту Студенческого Бюро по Болонскому процессу за вклад в развитие университета.

- Малика, в завершение нашей беседы выскажи свою точку зрения, каким ты видишь студента национального вуза?

- Мне очень хотелось бы, чтобы наши студенты соответствовали статусу нашего вуза: были умными, красивыми, талантливыми и, конечно же, лучшими в своей профессии. Студенчество – это золотое время, которое каждый студент должен провести интересно и достойно.

- Спасибо за беседу.

Алтынай АЙТБАЕВА,
студентка 4 курса
факультета журналистики

■ БІЛГЕНГЕ МАРЖАН

Біз қандай кезде күш-қуатымызды арттырамыз?



БІЗ ҚАНДАЙ КЕЗДЕ КҮШ-ҚУАТЫМЫЗДЫ АРТТЫРАМЫЗ:

- қарнымыз ашқан кезде.
- тыныс алу жаттығуларын жасағанда.
- жалғыз қалғанда.
- белгілі бір уақыт үнсіз жүргенде.
- теңіз жағасында, тау бөктерінде, бір сөзбен айтқанда, таңғажайып табиғат аясында демалғанда.
- шығармашылықпен айналысқанда.
- ерекше қуанғанда.
- біреуге қол ұшын бергенде.
- сыпайылық танытқанда.
- жақсының жақсылығын айтқанда.
- сағат кешкі 10 мен түнгі сағат 2 арасында ұйықтағанда. Өйткені дәл осы уақыт аралығында ғана жүйке жүйеміз жақсы демалады.
- жеміс-жидектер мен көкөністер, сонымен қатар бал, ерітілген май, ботқа секілді дәрумендерге толы тағамдарды тұтынғанда.
- танертең жұмысқа немесе оқуға бара жатып, салқын суға жуынғанда.
- өз-өзімізге массаж жасағанда.

АЛ ҚАНДАЙ КЕЗДЕ КҮШ-ҚУАТЫМЫЗДАН АЙЫРЫЛАМЫЗ:

- өткенге өкініп, өз өмірімізге көңіліміз толмай, келешекке күдікпен қарағанда.
- тамақты мөлшерден тыс артық жеп қойғанда.
- ешқандай жоспарсыз өмір сүргенде.
- түкке тұрғысыз нәрселерге ренжігенде.
- күйзеліске түскенде.
- ұйқысыздыққа ұшырағанда.
- бос әңгіме барысында, әсіресе біреуді дағтап, сынап-мінеп жатқанда.
- тағамды асығыс әрі бір орында отырмай жегенде.
- жарқыраған күннің астында көп жүргенде.
- дүниеқоңыздық пен ашқарақтық кезінде.
- ішімдік ішіп, шылым шеккенде.

Массажет.кз сайтынан алынды



ҚҰРЫЛТАЙШЫ:

Әл-Фараби атындағы
Қазақ ұлттық
университетінің
ректораты

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ:

Бас редактор м.а.: **Әйгерім ӘЛІМБЕКОВА**
Жауапты хатшы – **Дариға АМАНКЕЛДИЕВА**
Тілшілер: **Рүстем АБРАЕВ, Жұлдыз ӘБІЛ**
Дизайнер – **Досжан БАЛАБЕКҰЛЫ**
Фототілші – **Марат ЖҮНІСБЕКОВ**
Корректорлар: **Гүлмира БЕКБЕРДИЕВА, Әйгерім ИМАНҒАЛИЕВА**

МЕКЕНЖАЙЫ:

050040, Алматы қ., әл-Фараби даңғылы, 71,
ректорат, 11-қабат, №1104 бөлме.
Байланыс телефоны:
377-33-30, ішкі: 11-94,
тікелей: 377-31-48.

Электронды мекенжай:
kazuniver-gazeti@mail.ru

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп,
беттелді. "Бизнес-Информ" баспаханасында басылды
Тел: 2-93-09-09

Бағасы келісім бойынша.

Таралымы 1000 дана
Тапсырыс №796

- Жарияланған мақаладағы автор пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді.
- Редакцияға түскен қолжазба қайтарылмайды, үш компьютерлік беттен асатын материалдар қабылданбайды.
- «Қазақ университетіне» жарияланған мақала көшіріліп басылса, сілтеме жасалуы міндетті.
- Жарнама мәтініне жарнама беруші жауапты.